

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі № 157 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 сәуірде № 4209 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Т. Рысқұлов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулының Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Т. Рысқұлов ауданы әкімінің орынбасары Бейсенбек Әшімәліұлы Әлпеисовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Садырқұлов

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысына қосымша

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы	
--	--	--

Атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын)	Білім беру тапсырысы бойынша бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстар мөлшері (теңге)	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1. Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар, оның ішінде:			
1) Толық күндік жұмыс істейтін шағын орталықтар	290	27936	6000
2) Жарты күндік жұмыс істейтін шағын орталықтар	445	8350	0
3) Балабақшалар, бөбекжай-бақшалар			
Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан ауылдық округіндегі "Балдырған" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	150	30579	7200
Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан ауылдық округіндегі "Балауса" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	115	30579	7200
Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан ауылдық округіндегі "Балауса" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны сауықтыру тобы	50	47893	0
Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан ауылдық округіндегі "Балапан" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	150	30579	7200
Тұрар Рысқұлов ауданы, Луговой ауылдық округіндегі "Алтын сақа" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	280	30579	7200
Тұрар Рысқұлов ауданы, Луговой ауылдық округіндегі "Балбөбек" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	165	30579	7200
Тұрар Рысқұлов ауданы, Қарақыстақ ауылдық округіндегі "Ертөстік" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	30579	6000
Тұрар Рысқұлов ауданы, Қарақыстақ ауылдық округіндегі "Күншуақ" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	30579	6000
Тұрар Рысқұлов ауданы, Жанатұрмыс ауылдық округіндегі "Құлыншақ" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	115	30579	6000
Тұрар Рысқұлов ауданы, Ақбұлақ ауылдық округіндегі "Байшешек" бөбекжай-бақшасы	100	30579	6000

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны			
Тұрар Рысқұлов ауданы әкімдігінің "Айгөлек" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	50	30579	6000
Тұрар Рысқұлов ауданы, Ақыртөбе ауылдық округіндегі "Болашақ" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	65	30579	6000
Тұрар Рысқұлов ауданы, Құмарық ауылдық округіндегі "Балдәурен" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	30579	6000
Тұрар Рысқұлов ауданы, Көгершін ауылдық округіндегі "Ақбота" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	85	30579	6000
Тұрар Рысқұлов ауданы Өрнек ауылдық округіндегі "Тәттімбүбі" бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	67	30579	6000
2. Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (балабақшалар, бөбекжай-бақшалар)			
"Аяна және Б" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	165	30579	7500
"Нұрхат Нұрзат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Мөлдір" бөбекжай бақшасы	100	30579	7500
"Аида бөбекжайы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	30579	6000
"Асқар тау-2018" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Балауса" бөбекжай бақшасы	75	30579	6000
"О. Аяулым" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	30579	6000
"Бота" бөбекжай бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	30579	7500
"М. Мирас" бөбекжай бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	30579	7500
"Сапа Құлан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Ұлар" бөбекжай бақшасы	75	30579	7500
Жеке кәсіпкер Юлдашева Амина "Азиза" бөбекжай бақшасы	75	30579	7500
"DONи КО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Асел" бөбекжай бақшасы	40	30579	7500

